

Борышкердің мүліктік жағдайы туралы ақпаратты беру нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 20 қаңтардағы № 17 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 қаңтарда № 6756 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2015 жылғы 26 қарашадағы № 593 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 26.11.2015 № 593 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 35-бабының 1-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың 1-2-қосымшаларына сәйкес борышкердің мүліктік жағдайы туралы ақпаратты беру туралы нысандары бекітілсін.

2. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *Р. Түсіпбеков*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 0 қ а ң т а р д а ғ ы
№ 17 бұйрығына 1-қосымша
Нысан

_____ , аға сот
(аумақтық бөлімнің атауы, аға сот
орындаушысы-бөлім бастығының
тегі, аты-жөні)
(жеке сот орындаушысының қызмет
аумағы, тегі, аты-жөні)

_____ (борышкердің тегі, аты-жөні)

**Борышкердің - жеке тұлғаның мүліктік жағдайы туралы
АҚПАРАТ**

1. Тегі, аты, (бар болған жағдайда) әкесінің аты _____

2. Туған күні мен жері _____

3. Жеке басын куәландыратын құжаттар деректері _____

(нөмір, берілген күні, кіммен берілген)

4. СТН, (бар болған жағдайда ЖИН) ӘЖК) _____

5. Мына мекен-жай бойынша тіркелген (тіркелімде) _____

6. Тұрғылықты мекен-жайым _____

7. Үй, ұялы телефондар _____

8. Жұмыс орны _____

*(ұйым атауы, заңды мекен-жайы, телефоны, басшысының ТАӘ,
қызметі (жұмысы) шет елге шығумен байланысты ма)*

9. Атқаратын лауазымы _____

(лауазымы, қай уақыттан бері)

10. Отбасылық жағдайы, отбасы құрамы _____

11. _____

туралы ____ ж. «__» _____ № ____ атқарушылық іс жүргізу бойынша
б о р ы ш к е р б о л ы п т а б ы л а м ы н

12. Мен, Қылмыстық Кодекстің 362-бабымен қарастырылған (*Сот үкімін,
сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау*) қылмыстық
жауапкершілік жайлы және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің
521 (*Сот орындаушысына, сот приставына келуден жалтару*), 522 (*Сот
орындаушысының, сот приставының заңды қызметіне кедергі жасау*), 524
(*Сот актілерін, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға
уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) қаулыларын орындамау*),
525 (*Сот орындаушысының, сот приставының қаулысын және өзге де заңды
талабын орындамау*), 526 (*Алимент өндіріп алынатын адамның жұмыс орны
мен тұрғылықты жерінің өзгергендігі туралы сот орындаушысына
хабарламау*), 528 (*Сот орындаушысына, сот приставына соттар мен басқа
да органдардың қаулыларын орындауда кедергі жасау*) баптарымен
қарастырылған әкімшілік жауапкершілік жөнінде ескертілдім _____

(«ескертілдім», қолы)

13. Маған мәліметтердің сот актілерін орындау үшін қажет екендігі

түсіндірілді, мәліметтерді ұсынудан бас тарту немесе көрінеу жалған мәліметтерді көрсету сот актісін орындаудан бас тарту деп саналады

(өз қолымен «түсіндірілді» және қолы)

14. Жеке меншігімде келесі жылжымайтын мүлігім бар (егер жоқ болған жағдайда, өз қолымен «мүлкім жоқ» деп жазып көрсету керек)

- Жер учаскілері _____ (кадастрлық нөмірі, өлшемдері, құқық белгілеуші құжаттар деректері)

- Үйлер _____ (мекен-жайы, құқық белгілеуші құжаттар деректері)

- Пәтерлер (бөлме) _____ (мекен-жайы, құқық белгілеуші құжаттар деректері)

- Гараждар, саяжайлар _____ (мекен-жайы, кадастрлық нөмірі (гараждық, саяжайлық) кооперативтің атауы, құқық белгілеуші құжаттар деректері)

- Өзге жылжымайтын мүлік _____ (мекен-жайы, құқық белгілеуші құжаттар деректері)

15. Жеке меншігімде келесі автокөлік құралдары бар (егер жоқ болған жағдайда, өз қолымен «автокөлік құралдары жоқ» деп жазып көрсету керек)

_____ (мемлекеттік нөмірі, маркасы, шығарылған жылы, түсі жөніндегі деректер, құқық белгілеуші құжаттар деректері)

16. Заңды тұлғаның құрылтайшысы, акционері, қатысушысы, жеке кәсіпкер болып табыламын және т.б. _____

_____ (қатысушылық үлесін, өлшемін көрсету, егер болмаса, өз қолымен «болып табылмаймын» деп жазу керек)

17. Келесі банктерде есеп айырысу және өзге шоттарым бар _____

_____ (қандай банктерде, қандай шоттар екенін ақшалай қаражаттар санын

көрсету, егер шоттары болмаса, өз қолымен «шоттарым жоқ» деп жазу
к е р е к)

18. Ай сайынғы жалақы табысы, (өзге табыстар) _____
_____ құрайды

19. Өзге табыс көздері _____

20. Ай сайынғы отбасының жиынтық табысы _____

21. Зайыбымның жеке меншігінде келесі мүлігі бар _____

22. Сот актісін орындамаудың себептері, қандай қаражаттар, табыстардың
есебінен және қай мерзімде сот актісін орындауға ниеттенеді _____

Көрсетілген деректер дәйекті, толық екенін растаймын. Құжат өз қолыммен
толтырылған, осы құжатта көрсетілмеген өзге мүлкім, ақшалай қаражаттарым
жоқ _____
- - -

_____ «__» _____ 20__ жыл.

(толық ТАӘ, қолы және толтырылу күні)

Ескерту: барлық жолдар толтырылуы тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 0 қ а н т а р д а ғ ы

№ 17 бұйрығына 2-қосымша

Нысан

(аумақтық бөлімнің атауы, аға сот
орындаушысы-бөлім бастығының
тегі, аты - жөні)

(жеке сот орындаушысының қызмет аумағы, тегі, аты-жөні)

(борышкердің тегі, аты-жөні)

Борышкердің - жеке тұлғаның мүлдіктік жағдайы туралы АҚПАРАТ

1. Басшының (өкілінің) тегі, аты, (бар болған жағдайда) әкесінің аты, (өкіл үшін) сенімхаттың нөмірі, берілген күні, кіммен берілді, мерзімі, заңды тұлғаның атауы

2. Заңды тұлға басшының (өкілінің) жеке басын куәландыратын құжаттар деректері

(нөмір, берілген күні, кіммен берілді)

3. Заңды тұлғаның СТН (бар болса БСН)

4. Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізіліміне енгізілген мекен-жайы

5. Заңды тұлғаның тұрғылықты мекен-жайы

6. Басшының (өкілінің) байланыс телефондары

7. Заңды тұлға

туралы ____ ж. « ____ » _____ № ____ атқару өндірісі бойынша борышкер
б о л ы п т а б ы л а д ы .

8. Мен, заңды тұлғаның басшысы (өкілі) ретінде Қылмыстық Кодекстің 362-бабымен қарастырылған *(Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау)* қылмыстық жауапкершілік жайлы және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 521 *(Сот орындаушысына, сот приставына келуден жалтару)*, 522 *(Сот орындаушысының, сот приставының заңды қызметіне кедергі жасау)*, 524 *(Сот актілерін, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) қаулыларын орындамау)*, 525 *(Сот орындаушысының, сот приставының қаулысын және өзге де заңды талабын орындамау)*, 528 *(Сот орындаушысына, сот приставына соттар мен басқа да органдардың қаулыларын орындауда кедергі жасау)* баптарымен қарастырылған әкімшілік жауапкершілік жөнінде ескертілдім

(«ескертілдім», қолы)

9. Маған, заңды тұлғаның басшысы (өкілі) ретінде мәліметтердің сот актілерін орындау үшін қажет екендігі түсіндірілді, мәліметтерді ұсынудан бас тарту немесе көрінеу жалған мәліметтерді көрсету сот актісін орындаудан бас тарту деп саналады _____

(өз қолымен «түсіндірілді» және қолы)10. Заңды тұлға жеке меншігінде келесі жылжымайтын мүлігі бар (егер жоқ болған жағдайда, өз қолымен «мүлкі жоқ» деп жазып көрсету керек)

- Жер учаскілері _____
(кадастрлық нөмірі, өлшемдері, құқық белгілеуші құжаттар деректері)

- Үйлер _____
(мекен-жайы, құқық белгілеуші құжаттар деректері)

- Пәтерлер (бөлме) _____
(мекен-жайы, құқық белгілеуші құжаттар деректері)

- Гараждар, саяжайлар _____
(мекен-жайы, кадастрлық нөмірі (гараждық, саяжайлық) кооперативтің атауы, құқық белгілеуші құжаттар деректері)

Өзге жылжымайтын мүлік _____
(мекен-жайы, құқық белгілеуші құжаттар деректері)11. Заңды тұлғаның жеке меншігінде келесі автокөлік құралдары бар (егер жоқ болған жағдайда, өз қолымен «автокөлік құралдары жоқ» деп жазып көрсету керек) _____

(мемлекеттік нөмірі, маркасы, шығарылған жылы, түсі жөніндегі деректер, құқық белгілеуші құжаттар деректері)

12. Заңды тұлға келесі банктерде есеп айырысу және өзге шоттары бар _____

_____ (қандай банктерде, қандай шоттар екенін ақшалай қаражаттар санын көрсету, егер шоттары болмаса, өз қолымен «шоттары жоқ» деп жазып көрсету керек)

13. Жарғылық капиталының мөлшері, қандай түрде _____

14. Заңды тұлғаның құрылтайшылар (қатысушылар) құрамы _____

(әрбір құрылтайшының (қатысушының) Т.Ә.А, қатысушылық үлесін, өлшемін к ө р с е т у)

15. Сот актісін орындамаудың себептері, қандай қаражаттар, табыстардың есебінен және қай мерзімде сот актісін орындауға ниеттенеді _____

Көрсетілген деректер дәйекті, толық екенін растаймын. Құжат өз қолыммен толтырылған, заңды тұлғаның осы құжатта көрсетілмеген өзге мүлік, ақшалай қаражаттары жоқ _____

_____ «__» _____ 20__ жыл.

*(толық ТАӘ, қолы және толтырылу күні)
Ескерту: барлық жолдар толтырылуы тиіс.*